

Структурализм

Орындаған: Әсілхан Балдерке
Тобы: ФЖК-611

Структурализм (лат. *structura* — құрылым, байланыс, рет)– мәдениеттің көптеген құбылыстарының негізінде шын мәнінде бар логикалық құрылымды іздестірумен байланысты 20 ғасырда пайда болған социогуманитаристикадағы бірнеше бағыттың жалпы аты.

- Структурализм құрылымдық методтың, моделдеудің, формализациялаудың, математизацияның элементтерін қолдануға негізделген. Құрылымдық метод алғаш рет лингвистикада пайдаланылған, содан соң әдебиеттануда, этнографияда, т.б. гуманитарлық ғылымдарда қолданылды.

- Тар ауқымда структурализм – 20 ғасырдың 60-жылдарында Францияда тараған, құрылымдық методты пайдалануға байланысты пайда болған ғылыми және философиялық идеялардың жиынтығы. Оның негізгі өкілдері – Клод Леви-Стросс, Мишель Фуко, Жак Лакан, Роллан Барт, Л. Альтюссер.



А.А: Реформатский:
менімше , тіл
ғылымындағы
структурализм -
лингвистикалық ойдың
даму барысынан келіп
шыққан заңды
құбылыс – деп
жазады



Структуралистер өз зерттеулерінде осы ғалымдардың әсіресе де Соссюрдің еңбектеріне сүйенеміз.

Қазір структурализмнің көпшілікке танылған үш мектепбі бар. Прага (Чехослования) көптеген (Дания) мектептері және десуриптивтік мектеп (Америкада).

ПРАГА МЕКТЕБІ

- Прага лингвистикалық мектебі тіл құрылымын атқаратын қызметі жағынан зерттеуді мақсат етті. Тілдегі әрбір элемент өзінің тілдік жүйеде атқаратын қызметіне қарай бағалануы керек, тіл дегеніміз — функционалды жүйе деп есептеді. Тіл элементтерінің қызметін бірінші қатарға қоятындықтан, бұл мектепті Прагалық функционалды лингвистика деп те атайды.